

Г.Е. ДҮЙСЕН¹, Б.М. СҮЙЕРКҰЛ², Қ.А. ҚЫДЫРБАЙ³✉¹PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: gulzadaduisen@mail.ru²филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: billionairebota@gmail.com³PhD, Нұр-Мұбарак университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: afira-62@mail.ru

ЭТНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ АГИОАНТРОПОНИМДЕРДІҢ РӨЛІ

Аңдатпа. Мақалада агеоантропонимдердің этникалық және мәдени бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі және қазіргі түркі халықтарында қолданылуы қарастырылады. Түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігі, таным-түсінігі, салт-дәстүрі, дүниетанымы, эстетикалық талғамы, сезімінің, ой-санасының, құндылықтары мен наным-сенімдерінің маңызды элементі болып табылатын агеоантропонимдер мәдениет пен дәстүрлі құндылықтарды тасымалдаушы құрал. Есім маңызды әлеуметтік нышан, ол жеке тұлғаның элементі ретінде ғана емес, сонымен бірге діни және мәдени мұраның көрсеткіші ретінде өте бағалы. Түркі халықтарының ат қоюға байланысты көптеген салт-дәстүрлерінің рухани тамыры тереңде жатыр. Орта ғасырларда ат қою дәстүрі көшпелі болмысқа тән ой-сана мен таным өрістің, ислам ықпалы және түркі мәдениетінің тоғысуы нәтижесінде қалыптасты. Сондықтан, агеоантропонимдердің ұлт санасындағы ізін анықтау, бүгінгі ахуалының дәстүрлі негізіне сай қалыптасуына ықпал ету, осы екеуінің негізінде теоллингвистикалық ерекшеліктерін айқындау бұл зерттеудің нысанына айналып отыр.

Зерттеуде агеоантропонимдер әлеуметтік наным-сенімдерді қалыптастыратын элемент, әлеуметтік және рухани контексте этникалық бірегейлікті сақтайтын құндылық ретінде қарастырылды. Агеоантропонимдер түркі-ислам дүниетанымының мәдени, діни және әлеуметтік тұрғыдағы сабақтастығын қамтамасыз ете отырып, өткен мен бүгін арасындағы көпір қызметін атқарады және этникалық сана мен мәдени жадыны қалыптастыру үлесін айқындайды. Зерттеудің мақсаты – мәдени мұраны сақтаудағы және жаһандық мәдени байланыстарды дамытудағы агеоантропонимдердің рөлін қарастыру. Исламға дейінгі түркілердің ат қою дәстүрін қарастыра отырып, агеоантропонимдердің ислам дінін қабылдауымен қалай кең тарағаны қарастырылды. Қазіргі агеоантропонимдердің мағынасы мен қолданылуы социологиялық зерттеулер арқылы талданды. Зерттеу мақсатына сай құрастырылған сұрақтар арқылы агеоантропонимдердің қолданылу қарқыны сараланды.

Кілт сөздер: түркі халықтары, агеоантропоним, этникалық сана, мәдени құндылық, рухани сабақтастық, этномәдени дәстүр.

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Дүйсен Г.Е., Сүйерқұл Б.М., Қыдырбай Қ.А. Этникалық және мәдени бірегейлікті қалыптастырудағы агеоантропонимдердің рөлі // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №4 (138). – Б. 176–186. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.283>

*Cite us correctly:

Duisen G.E., Suierqul B.M., Qydyrbai Q.A. Etnikalyq zhane madeni biregeilikti qalyptastyrudagy agioantronimderdin roli [The Role of Agioanthroponyms in Shaping Ethnic and Cultural Identity] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №4 (138). – B. 176–186. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.283>

G.E. Duisen¹, B.M. Suiyerkul², Q.A. Qydyrbai¹*PhD Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: gulzadaduisen@mail.ru*²*Doctor of Philology, Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: billionairebota@gmail.com*³*PhD, Nur-Mubarak University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: afira-62@mail.ru*

The Role of Agioanthroponyms in Shaping Ethnic and Cultural Identity

Abstract. This study examines the role of agioanthroponyms in shaping ethnic culture and identity, and their use among modern Turkic peoples. The impact of agioanthroponyms on ethnic consciousness and cultural memory is particularly noteworthy. Agioanthroponyms, which serve as the primary source of reflecting Turks' lifestyles, traditions, worldviews, knowledge, aesthetic preferences, consciousness, emotions, thoughts, values, and beliefs, facilitate the transmission of culture and values. Throughout history, agioanthroponyms have not only been an element of personal identity but have also played an important role in the transmission of social and spiritual values. Many of the customs and traditions in modern societies have deep historical roots. The tradition of naming among the Turkic peoples was formed as a result of the intersection of mentality and knowledge, characteristic of nomadic existence, Islamic influence, and Turkic culture. For this reason, agioanthroponyms have become the subject of this cognitive study in the context of language, religion, and culture.

Agioanthroponyms are considered both an element that shapes social beliefs and a value that protects ethnic identity in a social and spiritual context. Therefore, the contribution of agioanthroponyms to the formation of ethnic consciousness and cultural memory within the Turkic-Islamic framework, as well as the function of these names as a religious and cultural bridge, is revealed. The article aims to examine the role of agioanthroponyms in the preservation of cultural heritage and the development of global cultural relations. While reviewing the naming traditions of the pre-Islamic Turks, the process by which agioanthroponyms became widespread with the acceptance of Islam is also discussed in detail. The meaning and use of agioanthroponyms in modern Turkic peoples are analyzed in the light of sociological research and surveys. The usage rates of agioanthroponyms are investigated by asking questions designed in accordance with the purpose of the study. It is emphasized that agioanthroponyms are not only a reflection of religious commitments in the Turkic-Islamic worldview but also an important element in social solidarity and the preservation of cultural heritage.

Keywords: Turkic peoples, agioanthroponyms, ethnic consciousness, cultural value, spiritual continuity, ethnocultural tradition.

Г.Е. Дүйсен¹, Б.М. Сүйеркүл², Қ.А. Қыдырбай³¹*PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: gulzadaduisen@mail.ru*²*доктор филологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: billionairebota@gmail.com*³*PhD, Университет Нур-Мубарак
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: afira-62@mail.ru*

Роль агеоантропонимов в формировании этнической и культурной идентичности

Аннотация. В статье рассматривается роль агеоантропонимов в формировании этнической культуры и идентичности, а также их использование в современных тюркских народах. Особого внимания заслуживает влияние агеоантропонимов на этническое сознание и культурную память. Агеоантропонимы, являющиеся основным источником образа жизни, традиций, мировоззрения, знаний, эстетических предпочтений, сознания, чувств, мыслей, ценностей и верований тюркского народа, являются также носителями передачи культуры и ценностей. На протяжении всей истории,

агиоантропонимы не только были элементом личной идентичности, но и играли важную роль в передаче социальных и духовных ценностей. Многие традиции и обычаи современного общества имеют глубокие исторические корни. Традиция имянаречения у тюркских народов сложилась в результате пересечения менталитета и знаний, свойственные кочевому образу жизни, исламского влияния и тюркской культуры. Следовательно, агиоантропонимы стали предметом данного исследования в контексте языка, религии и культуры.

В данном исследовании агиоантропонимы рассматриваются и как элемент формирования социальных верований, и как ценность, защищающая этническую идентичность в социальном и духовном контекстах. Тем самым, раскрывается вклад агиоантропонимов в формирование этнического сознания и культурной памяти в плане тюрко-исламского понимания, а также функция этих имен как религиозного и культурного моста. Целью статьи является изучение роли агиоантропонимов в защите культурного наследия и развитии глобальных культурных связей. Рассматривая традиции имянаречения у доисламских тюрков, в исследовании также подробно обсуждается, как агиоантропонимы получили широкое распространение с принятием ислама. Значение и использование агиоантропонимов в современных тюркских этносах анализируются в свете социологических исследований и опросов. Уровень использования агиоантропонимов анализируется посредством вопросов, составленных в соответствии с целью исследования. Подчеркивается, что агиоантропонимы являются не только отражением религиозных убеждений в тюрко-исламском мировоззрении, но и важным элементом социальной солидарности и сохранения культурного наследия.

Ключевые слова: тюркские народы, агиоантропонимы, этническое сознание, культурные ценности, духовная преемственность, этнокультурная традиция.

Kіріспе

Дін адамзат өмірін қалыптастырушы, әлеуметтік қатынастарды ретке келтіруші факторлардың негізгісі болғандықтан, саналы адамзат тарихының тұтас хронологиялық кезеңдерін қамтиды. Этникалық топтар мен халықтар өміріндегі діннің алатын орнының, қоғамның үйлесімді дамуындағы қызметінің маңыздылығы соншалықты, діндердің негізін түсінбей жатып, сол діндерді ұстанатын халықтардың болмысы мен мәдениеті туралы толық көзқарас қалыптастыру мүмкін емес. Мәдениет болса қоғамның бірлігі мен тұтастығын қамтамасыз ету, оның түсінігі мен ой-өрісін қалыптастыру, болашақ ұрпаққа қалдыруды қажет ететін ортақ құндылықтарды көрсету үшін қызмет ететін құралдардың жиынтығы. Мәдениеттің негізінде жеке адамдар, әлеуметтік топтар және өзара әрекеттесу бар [1, 1-б.].

Түркі мәдениеті өзінің мыңдаған жылдық тарихында көптеген діни, саяси және әлеуметтік жүйесіндегі өзгерістерге (күрделенуі, толығыуы) ұшырады, дегенмен түркілік элементтерін сақтай отырып дамыды. Түркі халықтарының ұлттың этникалық сипатын айғақтайтын тілдік деректер аз емес. Солардың бастыларының бірі – агиоантропонимдер. Агиоантропонимдер дегеніміз – діни есімдер. Атап айтқанда, дін иелерінің, әулие-әнбиелердің, сопы-қажылардың есімдері болса, екіншісі – Құраннан қойылған діни мағыналы есім сөздер. Бұл деректер ұлттық сана мен біліктіліктің, мәдени, зиялылық деңгейінің көрсеткіші бола алады. Агиоантропонимдер түркі халықтарының діни және мәдени болмысының маңызды бөлігі. Ат қою дәстүрінде діни есімді таңдау рухани құндылықтарды сақтауға және этномәдени бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді. Олар ұлт тарихын қалыптастырған құндылықтар мен нанымдарды сақтай отырып, мәдени жадының репозиторийлері ретінде қызмет етеді. Себебі, жалқы есімдер жеке тұлғаның элементі ретінде ғана емес, рухани, дәстүрлік және әлеуметтік құндылықтар арқылы қалыптасқан маңызды мәдени элементтердің бірі.

Түркі халықтарында діни есімдер дәстүрлі құндылықтар мен әлеуметтік нормаларды жеткізуде де аса маңызды рөл атқарды. Осыған орай, жалпы мұсылман қауымына ортақ ислам дінінің әсерінен қалыптасқан агиоантропонимдер жүйесін түркі халқының дүниетанымы мен болмысы, мәдениетімен сабақтастыра талдап, олардың семантикалық, әлеуметтік және қолданбалы мәндерін анықтауға қазіргі түркі есімдерін дін мен мәдениет, дін мен дәстүр сабақтастығы шеңберінде ұлттық сарасана тұрғысынан қарастыру өзекті.

Түркі лингвистикасында жалқы есімдердің құрылысы, лексикалық және фонетикалық ерекшеліктері, семантикасы, қасиет-киені иеленуінің басты себептері тарих, мәдениет салаларымен сабақтастықта зерттелгенімен, агиоантропонимдердің қазіргі этномәдени-танымдық мәні зерттеу нысанына алынбады.

Қазіргі түркі этникалық топтарында діни есімдерді қою – күнделікті өмірдің бір бөлігі. Бұл есімдер түркі халықтарының ұзақ этномәдени даму жолын, рухани құндылықтарын, түп-тамырын неғұрлым тереңірек танудың бір құралы, маңызды таным тетігі. Себебі, түркі антропонимиясында діни мағынасы терең есімдер танымал. Араб және парсы тілдерінен енген, қазір белсенді қолданылып жүрген бұл есімдердің тілдік санамызға сіңісіп кеткені сонша, бұл күнде оларды өзге тілден енген есімдер деудің өзі қиын. Олардың басым көпшілігінің кірме сөздерден жасалғандығын бүгінде ажырату да оңай емес.

Бұл зерттеудің мақсаты – агиоантропонимдердің қазіргі ұрпақтың тілдік санасындағы рухани танымын анықтай отырып, мәдени мұраны сақтаудағы және жаһандық мәдени байланыстарды дамытудағы рөлін қарастыру. Исламның таралу дәуірінде діни есім қою процесіне әлеуметтік-мәдени үдерістердің ықпалын анықтайтын факторларды анықтау және талдау, агиоантропонимдердің мәдени-әлеуметтік маңызы тұрғысынан қоғамның осы есімдерге деген көзқарасын қалыптастыратын факторларды зерттеу, агиоантропонимдердің түркі халықтарының рухани өміріндегі рөлін айқындау зерттеудің міндеттеріне жатады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақаланың мақсат-міндеттеріне сәйкес, зерттеу жұмысының алғашқы кезеңінде тақырыпқа қатысты теориялық база жинақталып, талданды, зерттеу материалы сараланды және қолданылатын әдіс-тәсілдер анықталды.

Негізгі бөлімде агиоантропонимдердің тарихи алғышарттары, түркі халықтарының рухани өміріндегі рөлі, сондай-ақ қазіргі түркі этникалық топтардағы қоғам мүшелерінің діни қолданыстарға деген көзқарасы анықталды. Діни есім қою дәстүріндегі динамиканы анықтау мақсатымен қоғам мүшелерінің тілдік санасындағы рухани танымды, лингвомәдени бейнені анықтауға бағытталған бейнелі, ұғымдық, құндылық өлшемдеріне сай сұрақтар қойылды. Зерттеуге қатысушылардың діни есімдермен жеке байланыстарын, олардың осы есімдердің рухани маңыздылығы туралы көзқарастарын және дінмен байланысты дәстүрлі әдет-ғұрыптар туралы сенімдерін бағалауға арналған сұрақтар қамтылды.

Зерттеуге қатысушылардан қазіргі таңда діни есім қоюдағы ұстанымдары мен көзқарастарын ашып жазу сұралды. Деректердің сандық талдауы және сапалық, семасиологиялық, статистикалық әдіс-тәсілдер пайдаланылды. Зерттеудің семасиологиялық тәсілі агиоантропонимдердің мән-мағынасын анықтауға, этномәдени таңбадағы астарлы ақпаратты айқындауға мүмкіндік берді. Ал сандық, сапалық, статистикалық әдістері агиоантропонимдердің диахрондық (тарихи) даму жолын, олардың түркі этникалық топтарындағы синхрондық (қазіргі) өзектілігін зерттеуге жол ашты. Осылардың әрқайсысы ат қою дәстүріне тілдік, мәдени және діни факторлардың тигізетін әсерін қамтыды.

Жұмыстың соңғы кезеңінде зерттеу нәтижелері талданып, қорытынды жасалды.

Қазіргі таңда тұтас халықтың әлемді қабылдауын анықтау барысында жалқы есімдерді мәдени бірегейліктің бір бөлігі ретінде қарастырады. Ғалым Қ. Жұбанов өзінің ғылыми зерттеуінде: «жалқы есімдер тіл мен мәдениеттің байланысын көрсететін этнолингвистикалық жүйенің маңызды элементі» [2, 5-б.] екенін атап өткен. Түркі антропонимдерінің құрылысы, лексикалық, фонетикалық ерекшеліктері жағынан талдағанда олардың құрамында барлық дәуірге тән антрополоксемалар бар. Зерттеуші Р. Назаров зерттеуінде: «жалқы есімдерді зерттеу ұлттық сананы түсінуге ықпал етеді, ал ұлттық сананың қалыптасуын діни-мәдени аспектілерсіз қарастыру мүмкін емес» [3, 11-б.] деп, бұл мәселенің өзектілігін ашып көрсетеді.

Соңғы онжылдықта Р. Мұстафина [4] мен А. Керімбаев [5] сияқты зерттеушілер Қазақстандағы, әсіресе посткеңестік дәуірдегі сакралды атаулардың әлеуметтік лингвистикалық аспектілерін зерттеді. Зерттеулерінде түркі этникалық тобына жататын Қазақстанда мәдени және рухани жаңғыруға жауап ретінде сакралды атаулардың қолдану тәжірибесіне қызығушылықтың қайта жанданғанын атап өткен.

Зерттеуші Р. Мұстафина еңбегінде сакралды атаулардың семантикалық және морфологиялық түрленуін арнайы қарастырады. Мысалы, «Нұрәлі» (Нұрлы Әли) және «Абдулла» (Алланың құлы), «Әлімжан» (оқыған жан), «Нұрлыхан» (нұрлы қаған) және «Нұрлыбек» (нұрлы көсем) сияқты есімдер түркі тілдеріндегі кісі аттарының жаңа форма мен мазмұнға ие болуын көрсетеді. Бұл есімдер рухани негізімен ғана емес, олардың тіл мен мәдениеттегі терең тамырымен тығыз байланыста түсіндіріледі. А.Керімбаевтың талдауы, сакралды атауларды тек тілдік құбылыс ретінде ғана емес, олар арқылы халықтың рухани құндылықтары мен тарихи жады берілетін маңызды элемент ретінде қарастырады. Бұл пікірлерден, агиоантропонимдердің түркі халықтарының генезисін, тілі мен дінін, тарихи жадын, тұтас болмысын сақтап қана қоймай, сонымен қатар түркі және ислам мәдени элементтерінің өзара байланысын қамтитын тілдік артефакті ретінде де қызмет ететінін көреміз.

Талдау мен нәтижелер

Әлеуметтік-мәдени үдерістер адам өмірінің барлық қырына ықпал етеді, әсіресе ат қою дәстүріне де өз әсерін тигізбей қоймайды. Ол ең алдымен тілде, сосын салт-дәстүрде, ділде, ұлттық мәдениетте көрініс табады.

Ат қою дәстүрі – қоғамның мәдени болмысын қалыптастыратын негізгі элементтердің бірі. Бұл дәстүр этникалық және мәдени бірегейлікті сақтауда маңызды рөл атқарады. Түркілердің исламды қабылдағанға дейінгі ат қою дәстүрі табиғатқа, батырлыққа, мифологиялық элементтерге негізделген. Бұл аттар табиғат құбылыстарымен (Жұлдыз, Айпері), жануар тұлғалары (Арыстан, Көкбөрі, Бозқұрт, Аққұртқа), батырлық (Алып, Бамсы, Баһадыр) және діни-мифологиялық нанымдармен (Теңіз, Ұмай, Ерлік) сияқты ұғымдармен байланысты болды.

Исламның Орта Азияда таралуы сауда жолдары мен сопылық ағымдар арқылы жүзеге асты. Діни есімдердің қабылдануына, ислам дінінің таралуына сопылардың әсері күшті болды. Сопылық әдебиет – діни есімдердің діни-рухани қырын барынша айқын көрсететін саланың бірі. Түрік-ислам дүниетанымында сопылық ағымның ықпалымен Алланың көркем есімдері (Асмаул-Хусна), пайғамбарлар мен сахабалардың есімдері жан-жақты зерттелді. Әсіресе, Ахмет Ясауи, Жүніс Әміре, Мәулана сынды сопылардың еңбектерінде исламның рухани қырын түркі тайпаларына жеткізіп, пайғамбарлар мен әулиелердің есімдерін таратуда маңызды рөл атқарды. Ахмет Ясауидің «Диуан-и Хикмет» еңбегінде әулиелер мен пайғамбарлардың есімдері діни құлшылық пен сенімді білдірудің танымал тәсілі [6, 97-б.] деп атап көрсетеді.

Агиоантропонимдерге дұғаларда жиі қолданылатын Алланың «Асмауыл-хусна» деп аталатын 99 көркем есімі мен оның түрлі фонетикалық варианттары жатады. «Асмаул-Хусна» деген ұғым араб тілінде «Ең жақсы есімдер» деген мағына береді. Құран-кәрімінде Алланың есімдері оның мейірімділігін, рахымдылығын, ұлылығын, адалдығын, күштілігін, тазалығын, т.б. қадір-қасиеттерін бейнелейтін сипаттар болып саналады [7, 51-б.].

Агиоантропонимдердің келесі бір лексика-семантикалық тобын қасиетті Құран Кәрімде аты аталған пайғамбарлардың, ертедегі ислам тарихында болған әулиелердің есімдері құрайды. Ислам дінінің қабылдануымен бірге діни мотивтер мен исламдық тұлғалардың жалқы есімдерге әсері алдыңғы орынға шықты. Құранда аталған пайғамбарлардың есімдері (Мұхаммед, Ибраһим, Исмаил), сахабалардың есімдері (Әли, Осман, Омар, Хамза) және діни тұлғаларға қатысты есімдер (Абдулла, Абдуррахман, Халил) кең тарай бастады [8, 45-б.]. Халық танымында Ислам дінінің ықпалы мен түркі мәдениетінің тоғысуы нәтижесінде қалыптасқан әлеуметтік-мәдени үдерістер белең алып, Мұхаммед, Әли, Фатма, Хасан, Хусейн сияқты діни ұғымдармен және исламға қатысты тұлғалармен ассоциацияланатын араб есімдерінің түрлі нұсқалары діни және рухани көрсеткішке айнала бастады [7, 102-б.].

Түркі антропонимиясындағы араб текті есімдердің көбі исламға дейінгі түркілердің сенімдеріне негізделген ат қою дәстүрімен синтезделді. Антропонимдердің жасалуында араб және түркі тілдік элементтерін біріктіріп, мағыналы, әрі мәдени үндестікті танытатын жаңаша сипаттағы есімдер жасалды. Мысалы, Мехмет есімі түркілер арасында Мұхаммед есімінің танымал нұсқасы ретінде қабылданған. Тілдік тұрғыдан алғанда діни есімдердің түркі тілдеріне бейімделуі бұл есімдердің түркі халықтарының арасында қолданысын жиірек ете түсті. Әсіресе, Мұхаммед пайғамбардың есімі ерекше насихатталды және кеңінен қолданылды. Осылайша, түркілік және исламдық ұстаным қатар

жүргендіктен, агеоантропонимдер, түркі және ислам мәдени элементтерінің өзара байланысын камтиды.

Түркі тілдерінен *хан, бай, бек, би, құл, тархан, бахадур (батыр), ханым, ханиша* формаларымен, араб тілінен: *сұлтан, мәлік, абд, әмір, қажы, шайқы, сопы, молда*, иран тілінен: *шаһ, қожә* сөздерінің қосылуымен жасалған есімдер жарыспалы түрде қатар қолданылды. Бұлардың кейбірі, мәселен, *сұлтан, мәлік, әмір, қажы, сопы, бек, қожә* деген титулдар үстем тап өкілдерінің балаларына есім ретінде қойылатын болған. Орта Азиядағы көне түркі тайпаларында жеке тұлғалардың балалық шағында және есейген шағында басқа аттары болған. Әсіресе, жауынгер болған түркілерде жеке адамдар ерлік көрсеткенде немесе маңызды оқиғаға қатысқанда жаңа атпен атала бастаған [9, 72-б.]. Бұл жағдай есімнің тек тұлғалық көрсеткіш емес, сонымен қатар әлеуметтік жағдайды анықтайтын динамикалық элемент екенін көрсетеді.

Көрнекті ғалым Т. Жанұзақов зерттеуінде түркі тілдеріне араб, иран тілдерінің мықтап әсер еткенін: «Антропонимдік қордағы араб және иран тілдерінен енген есімдердің ішінде араб есімдерінің үлес салмағы көбірек және олар түркі мәдениетінде берік орын алған. Араб тілінің ықпалы түркі тілдерінің бәріне бірдей, бір дәрежеде болмаған. Азербайжан, өзбек, татар, түрік тілдеріндегі арабизмдер сан жағынан көбірек. Қазақ, қырғыз тілдеріндегі арабизм саны азырақ болған және кейінірек сол азербайжан, өзбек, татар тілдері арқылы келіп жеткен. Бұл тілдер араб, иран тілдерінен келген сөздерді формасы мен мағыналық (семантикалық) бірлігін сақтай отырып, бастапқы қалпында қабылдаса, соңғы топтағы тілдерде бұл құбылыс керісінше болған. Бұның басты да негізгі себебі, ислам алдыңғы және Орта Азиядағы (Қырым, Поволжье) түркі халықтарына бұрынырақ жетіп, тез дамыған еді [10, 6-25 бб.]» деп атап өтеді.

Тарихта діни есімдердің қолданылуы әртүрлі факторларға байланысты өзгеріп отырды. Исламдық құндылықтарға негізделген агеоантропонимдердің көптеп қолданыла бастауы түркі халықтарының рухани өсуге деген ұмтылысын көрсетеді. Түркі мәдениетінде «Әулие-әнбие, пайғамбарлардан бірінің есімін таңдап қойған кісінің өзі де, өмірі де көркем болады» деген түсінік бар. Орта ғасырларда діни тұлғаларға немесе ұғымдарға байланысты қалыптасқан есімдер қоғамның рухани өмірінде маңызды рөл атқарды. Бұл дәуірде әдебиет, мәдениет, әкімшілік, әсіресе діни ұғымдарды білдіретін сөздер кісі есімдеріне айнала бастады [11, 168-б.]. Ат қою көбінесе оның қасиетті мағынасына баса назар аударатын діни ғұрып, дұғалармен қатар жүрді. Агеоантропонимдердің жеке және қоғамдық деңгейге тигізетін әсері тек ат қою дәстүрімен ғана шектелген жоқ, сонымен қатар мәдени мұраларды жеткізуде маңызды құрал болды.

Ислам дінінде антропонимдермен байланысты Абдулла (Алланың құлы) мен Әбдірахман (Рахманның құлы, Әр-Рахман – Алла сипаттарының бірі) есімдері ең жақсы есімдер саналған. Мұсылмандар пайғамбарлар мен сахабалардың есімдерін, олардың істерін ұрпақтарына үлгі ету үшін көп қойған. Керісінше, Қасиетті Құран кітабындағы жағымсыз кейіпкерлердің, тирандардың, кәпірлердің есімдерін қоюға тыйым салынады. «Шайтан» және «Перғауын» есімдері - «макруһ» (тыйым салынған) есімдер. Сонымен қатар, Абдул-Кааба (қағбаның құлы), Абдул-Наби (пайғамбардың құлы), Абдул-Хусейн (Хусейннің құлы) секілді Алладан басқа құдайға немесе затқа табынушылықты көрсететін есімдерді қоюға болмайды. Мұсылмандарға тәкаппарлық және өзін тым жоғары көтеретін есімдер қоюға да тыйым салынады. Сондықтан мұсылмандықты қабылдағандар мұндай есімдерді қоймаған [12]. Бұл жақсылардың есімдері сақталып, жамандардың есімдері жойылып кетсін деген ниеттен туған. Ислам, Христиан және Иудаизм діндерінің ұқсастығы кісіге ат қою дәстүрінде діннің маңызды фактор екендігін атап өткен жөн. Екінші ұқсастығы діндегі танымал тұлғалардың есімдерінің қойылуы сол дін өкілінің наным-сенімінің тереңдеуіне ықпал етеді. Әр дінде есім беру қағидаларының болуы антропонимдердің маңыздылығының көрсеткіші.

Ислам діні тек діни сенім ғана емес, сонымен бірге мұсылмандардың дүниетанымы, өмір салты, мінез-құлқы, заң жүйесі, мақсатты және біртұтас идеологиясы мен психологиясы. Сондықтан Ислам дінінің жаңғыруы мен діни фундаментализмді саралай келе Түркілердің әлеуметтік-экономикалық жағдайына ғана емес, бұл құбылыстың қалыптасуына да үңілген жөн. Орталық Азиядағы мұсылмандар арасындағы діни өрлеу исламның терең тарихи тамырына байланысты өзіндік ерекше сипатқа ие. Арабтар тарапынан ашылғаннан кейін Орталық Азияның дәстүрлі мәдениетіне әсер еткенімен, жергілікті мәдениет толығымен өзгеріп кеткен жоқ. Түркілер ерте дәуірлерде наным-сенім

тұрғысынан Көк Тәңірі сенімінен бастап, ислам дініне дейінгі ұзақ тарихи кезеңді бастан кешірді. Түркі халықтары көшпелі өмір салтын ұстанған. Тарих кезеңдерінде кездескен наным-сенім жүйелері тұрмыс-тіршілігін өзі өмір сүріп жатқан жағдайларға бейімдеп, қалыптастырды. Ислам діні де жергілікті халықтың дәстүрлерімен үйлесімділік танытып, осы аймақта қалыптасқан қоғамдық-саяси қатынастарға бейімделді. Осының нәтижесінде Орталық Азия халықтарының дін, этникалық бірегейлік туралы өзіндік түсініктері қалыптасты. Халық мәдениетінде Исламға дейінгі дәстүрмен біріккен ой жүйесі пайда болды. Осылайша, Ислам дінінің жаңа сипаты пайда болды. Түркі халықтарында Ислам діні дәстүр түрінде өмірін жалғастырды.

Агиоантропонимдер ұрпақтар арасындағы байланысты сақтайтын және этномәдени дәстүрлерді нығайта түсетін ұлттық бірегейліктің басты элементтерінің бірі. Агиоантропонимдердің рухани және мәдени құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа беру арқылы этникалық бірегейлікті нығайтуға ықпал етуі ерекше. Түркілердің ұлт болып ұйысуына ислам діні ықпал етті, өздерін мұсылман және пайғамбар үмбеті санады. Агиоантропонимдердің қалыптасуындағы лингвомәдени негіздің бірі орта ғасырларда жасалғандарымен қоса, жаңа дәуірде жасалғандарымен де байланысты. Абзал («білімді, дана»), Нұрсұлтан («нұрлы сұлтан») немесе Айша («ұзақ ғұмырлы») сияқты есімдер әлі күнге дейін танымал болып, түркі халқының ислам дінімен байланысын білдіреді. Ислам мәдениетінің мұрасын бойына сіңірген бұл есімдер – түркі халықтарының этникалық бірегейлігін құрайтын құбылыс. Қазіргі заманғы үрдістердің ықпалына қарамастан агиоантропонимдер этникалық бірегейлікті сақтау құралы ретінде өзінің маңызын сақтап келеді. Олар, түркілердің дүниетанымын исламдық құндылықтармен байытқан ілімі мен қызметін, синкретті табиғатын терең түсінуге, олардың рухани-этикалық құндылықтарын, халықтың дәстүрін, жан дүниесінің «тереңіне бойлап», үңілуге, тануға мүмкіндік береді.

Агиоантропонимдер тілдік және мәдени мұраның бірегей бөлігі ретінде тек діни ғана емес, танымдық мағынаны да білдіреді. Жалқы есімдердің қолданысында көрініс тапқан «адам және ақиқат шындыққа» қатысты ақпараттардың бірі «кие» концептісінде жинақталады. «Кие» ұғымы діни сенім негізінде пайда болған құбылыс. Киелі әруақ немесе әулиелерге сену рухани дәстүрдің негіздерінің бірі. Түркі халықтарында «кие» ұғымы бірден орнықты. Құранда айтылған әулиелер «тірі» ретінде қабылданды. Түркілер әулиелермен дұға арқылы тілдесіп, олардың бейіттері киелі зиярат ететін орындарға айналды. Әулие-әнбиелер арамыздан кетсе, киелі жерлер киелілігін жоғалтады, киелі жерлерге, әулиелерге, ата-баба аруағына деген құрмет жоғалса, бұл жерлер жындылардың мекеніне айналады деп есептелді. Қазіргі кезде әулиелердің тірі кезінде және өлгеннен кейін көрсеткен кереметтері, әулиелердің бейіті киелі орынға, онда орналасқан заттар мен ғимараттар құнды жәдігерге айналғаны туралы деректерде айтылады. Түркілер бабаларына, ата-аналарына барып, дұға бағыштайды. Түркі дүниетанымында әулие-әнбиелер Жаратушы мен халық арасында дәнекер бола алады және Жаратушы берген күдірет әулиеге өтеді деген сенім болған. Қазіргі таңда да түркі халықтарының арасында қоғам көшбасшысы саналатын тұлғалардың рухынан (уәсиле арқылы) жәрдем сұрау, олармен дұға арқылы тілдесу дәстүрі бар. Бұл тұлғалардың қабірлерін қасиет тұтады. Ондай жерге барған адамдар өздерін басқа өлшемге, басқа әлемге енгендей сезініп, тілегі орындалатынына ата-баба рухын уәсиле ете отырып, Жаратушыдан белгі күтеді, түрлі рәсімдерді жасайды.

Өмірін ат үстінде өткізген түркілерде діни орындар аз болған. Ясауи ықпалымен Алланың рақымына лайық әруақ-әулиелерді қастерлеу дәстүрі қалыптасқан. Түркі мәдениетіндегі ең маңызды рәсімдердің бірі – зиярат ету феномені. «Зиярат етілетін орындар – бейіттер, кесенелер; сондай-ақ, рухани күш, бата қонған аңыз, хикая кейіпкерлеріне арнап, киелі деп белгіленген ағаштар, бұлақтар, көлдер, тастар мен таулар да зиярат орындары санатына кіреді» [13, 39–50-бб.]. Әулие-әнбиелердің бейіті түркі халықтарының жиі баратын орны болғандықтан бейіт басында құрбандық шалған. Бұл – ата-баба рухына құрмет деп саналған. Тілек, ниеттерін әулие-әнбие рухын уәсиле ете отырып, Аллаға құрбандық шалу арқылы білдіріп отырған. Көшпелі түркі халқы ата-бабасының аруақтары қорғайды деген тағы бір наным бойынша, сапарда жүрген адам жатар орын таппағанда бейіт, күмбез тапса түнеген. Ата-баба рухы жолда адасып қалған адамдарды қорғайды деп есептеген.

Қазіргі заманғы діни ономастикалық кеңістікті діни есімдердің қойылу жиілігі көрсете алады. Түркі халықтарында араб тілінен енген есімдер Ислам дінінің ықпалымен діни тұрғыда ойлаудың

артуына байланысты кеңінен қолданысқа ие болып отыр. Дегенмен, модернизация, жаһандану және урбанизация процестері діни есімдердің қолданысына айтарлықтай өзгерістер әкелді. Бүгінгі таңда Түркия, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзірбайжан және басқа да түркі халықтарындағы діни есімдердің мағынасы мен таралуының нақты динамикасы қалыптасып отыр. Зерттеу жүргізу арқылы қазіргі қоғамдағы діни есімдерге қатысты әртүрлі пікірлер анықталды. Алынған нәтижелер бұл есімдерді қабылдаудың қазіргі тенденцияларын ашып қана қоймай, жаһандану және әлеуметтік-саяси модернизация әсерінен ұлттық құндылықтардың сақталуымен қатысты қоғамдық санада болып жатқан өзгерістерді көрсетті. Бір жағынан, нәтижелер діни есімдердің рухани құндылықтарды жеткізу құралы ретіндегі маңыздылығын көрсетеді. Екінші жағынан, прагматикалық өлшемде қазіргі қоғамның діни ат қою дәстүріне деген ұстанымын көрсетеді.

Түркияда урбанизация және секуляризация үрдісінің ықпалымен діни есімдердің орнына заманауи және батыстық атауларға басымдық берілгені байқалады. Діни есімдер ұзақ жылдар бойы тұлғаны қалыптастыру процесінде маңызды орынға ие болды, бірақ 20-шы ғасырдың басынан бастап олар секуляризация саясатымен және Батыс ықпалымен өзгере бастады. Османлы дәуірінде кеңінен қолданылған Мехмет, Ахмет, Фатима, Айше сияқты есімдер Түркия Республикасының құрылуымен модернизация процесінде әртүрлі аттармен өзгеріп отырды. 1934 жылы «Тег туралы» заңның қабылдануымен діни есімдермен қатар түркі мәдениетіне тән есімдерді де таңдай бастады. Алып, Тунч, Йылдыз, Гөкхан сияқты есімдер түрік халқының тарихы мен мәдениетіне мән берген зайырлы есімдердің қатарында болды. Түркия халқы діни атаулардан ешқашан толықтай бас тартқан жоқ, керісінше, белгілі бір кезеңдерде көбейе берді. Соңғы жылдары жүргізілген социологиялық зерттеу бойынша, Түркияда діни есімдерді қолдануда аймақтық және әлеуметтік-экономикалық факторлар бар. Стамбұл, Анкара, Измир сияқты үлкен қалаларда заманауи және батыстық есімдер кең таралса, Анадолу өңірінде дәстүрлі құрылымын сақтап қалған діни есімдер әлі де кеңінен қолданылуда. Мұхаммед есімінің Түркияда соңғы жылдары ең көп тандалған ер есімдердің біріне айналуы діни есімдерге деген қызығушылықты көрсетеді [14]. Дегенмен, кейбір отбасылардың модернизация үрдісіне сәйкес бейтарап немесе зайырлы есімдерді қалайтыны да байқалды.

Қазақстанда діни есімдердің қолданылуы Кеңес Одағының ыдырауымен елеулі өзгерістерге ұшырады. XX ғасырда Кеңес Одағы тұсында Қазақстан, Қырғызстан, Әзірбайжан сияқты түркі республикаларында діни есімдердің қолданылуы күрт төмендеді. Кеңестік кезеңде діни бірегейлікті әлсіретуге бағытталған саясаттың кесірінен араб тектес діни есімдердің орнына зайырлы немесе орысша есімдердің қолданысы кең етек алды. Кеңес үкіметі діни бірегейлікті тұншықтыру үшін діни есімдердің орнына зайырлы есімдерді қолдануды қолдады [15, 156-б.]. Қазақстанда жүргізілген зерттеуге сүйенсек, 2000 жылдардан бері діни есімдердің қолданысы 35 пайызға артқан [16, 10-б.]. Бұл жағдай қоғамда діни бірегейліктің қайта нығайып, дәстүрлі есімдердің заманауи жағдайда қайтадан құндылыққа ие болғанын көрсетеді. Кеңес Одағында мемлекеттік атеизм саясаты аясында діни сенім мен әдет-ғұрыптарға қысым жасалды, діни мекемелер жабылды, дін жетекшілері қуғын-сүргінге ұшырады. 1925 жылы құрылып, 1947 жылға дейін әрекет еткен Жауынгер атеистер /құдайсыздар/ одағы «Союз Воинствующих Безбожников» (СВБ) дінге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді [17, 450-б.]. Алайда 1991 жылы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін түркі халықтары мәдени және діни мұраларын қайта жаңғырту процесін бастады. Бұл өзгерістер діни есімдерді тек жеке тұлғалық және діни болмыс тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге социологиялық және мәдени көрсеткіш ретінде де қарастыру керектігін айқындайды.

Түркі халықтарында діни есімдердің сақталуы діни, саяси және мәдени құрылымдарына байланысты өзгеріп отырды. Бүгінде Әли, Хасан, Хусейн, Бәтима сияқты қасиетті есімдер Қазақстан мен Қырғызстанда қайтадан танымал бола бастады. Әсіресе, Қазақстанда дәстүрлі қазақ есімдері мен ислам атауларының синтезделіп жатқаны байқалады. Мәселен, Нұрсұлтан есімі қазақтың мәдени мұрасын да, ислам дінін де танытатын үлгі ретінде көзге түседі.

Кісі есімдері үнемі бір-біріне қарама-қайшы екі бағыт болып өмір сүреді. Оның бірі – көркем есімдер, екіншісі – кездейсоқ есімдер. Біріншісі – жеке адамның мақтанышы, кең көлемде алғанда ұлттың кескін-келбеті. Қазіргі қоғам мүшелеріндегі егде кісілер балаларға діни есім қою мәдени және рухани мұраны сақтау үшін маңызды деп санайды, ал өскелең ұрпақ есімнің эстетикалық немесе прагматикалық жағына басымдық береді. Бұл ұрпақтар алшақтығы урбанизацияны, жаһандануды

және қоғамның зайырлылығын қоса алғанда, әлеуметтік өзгерістерді көрсетті. Ауылдық жерлерде агиоантропонимдер мәдениет пен руханияттың маңызды элементі ретінде қабылданса, қалалық жерлерде олардың маңыздылығы төмендеді. Зерттеушілер Г.А. Ахметжанова мен Б.Ш. Баймусаеваның [18] пікірінше ат қою отбасының діни және жалпы білім деңгейіне байланысты екенін айтады.

Агиоантропонимдерді мәдени мұраның бір бөлігі ретінде сақтау үшін олардың мәні мен шығу тегі туралы білімді кеңінен насихаттау қажет. Түркі антропонимиясын, агиоантропонимдердің тарихы мен маңызы туралы зерттеуге бағытталған білім беру бағдарламалары мен мәдени іс-шараларды енгізу өскелең ұрпақ арасында осы дәстүрлерді бағалауды күшейте алады. Сондай-ақ мұндай бастамалар жаһандану мен батыстық атау конвенцияларының ықпалына қарсы тұра алады.

Қорытынды

Ұсынылған мақала осы бағыттағы ізденіске арналып, діни есімдердің қазіргі ұрпақтың таным-түсінігіндегі тілдік бейнесін қарастырды және мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

- агиоантропонимдер ислам діні түркілердің ұлттық болмысының маңызды бөлігіне айналғанда, түркі антропонимиясында бой көрсеткен құбылыс;

- агиоантропонимдер мәдени құндылық пен рухани сабақтастықты сақтау қызметін атқарады;

- діни ат қоюдағы динамика - қазіргі қоғам мүшелерінің есім таңдауға киелілік тұрғысынан емес, әлеуметтік құбылыс ретінде қарайтынын анықтады;

- агиоантропонимдердің киелі ұғым ретіндегі маңызының бәсеңдегені мәдени мұраның бір бөлігін жоғалту қаупін тудырады;

- түркі халықтарында агиоантропонимдердің жұмсалуды қолдайтындар көп, сондықтан түркі антропонимикасының маңызды элементі болып қала береді, тек, өскелең ұрпақ пен қала тұрғындары арасында білім беру және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Агиоантропонимдер мәдени-танымдық ақпаратты берудің маңызды құралы. Агиоантропонимдер тек тарихи ғана емес, сонымен бірге халықтың дүниетанымын түсінуге көмектесетін философиялық мағынаны да қамтиды. Зерттеуде агиоантропонимдерге артылған семантикалық жүк этномәдени, әлеуметтік мәдени, діни факторлармен тығыз байланыста қарастырылды. Бұл зерттеу агиоантропонимдердің діни рухани танымынан бөлек, қоғамның мәдени ерекшеліктерін, сенім жүйесін және әлеуметтік құрылымын қалыптастыратын маңызды элемент екенін көрсетті. Қазіргі түркі халықтарында агиоантропонимдерді қабылдаудың негізгі аспектілерін, сондай-ақ олардың жаһандану мен әлеуметтік-саяси модернизация әсерінен өзгеру динамикасын анықтауға мүмкіндік берді.

Жасалған талдау агиоантропонимдердің тек тіл элементі ғана емес, сонымен бірге адамдардың өткен тарихымен байланысын сақтап, рухани құндылықтарын болашақ ұрпаққа жеткізетін маңызды құрал екенін растайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Godri B. Yöresel Beğeni ve Kültürel Etkileşimin Ses Eğitimi Üzerindeki Etkisi: Yüksek Lisans Tezi. – İstanbul: İstanbul Üniversitesi, 2014. –134 s.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 409 б.
3. Назаров Р.Р. Этнолингвистика: история и современность // Международная научно-практическая конференция «Лингвистика, лингводидактика, лингвокультурология: актуальные вопросы и перспективы исследования». Москва, 15 июня 2020 г. – М.: РГГУ, 2020. – С. 28–30.
4. Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 176 с.
5. Керімбаева А. Қазақ тіліндегі сакралды атаулардың этнолингвистикалық сипаты: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2007. – 25 б.
6. Dîvân-ı Hikmet, Hoca Ahmed Yesevî / Editör: Mustafa Tatcı. – Ankara: Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, 2017. – 496 s.
7. الاسماء الحسنی تجلیات وادعية عبد السلام محمد بدوي. بواسطة: عبد السلام محمد بدوي. تفاصيل النشر: القاهرة دار المعارف 1990.

8. Köprülü M.F. Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar. – Ankara: Diyanet İşleri Başkanlığı Yayınları, 1966. – 467 s.
9. Kafesoğlu İ. Türk milli kültürü. – İstanbul: Ötüken Neşriyat, 2019. – 447 s.
10. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы: Лингвистикалық және тарихи-этнографиялық талдау. – Алматы: Ғылым, 1971. – 216 б.
11. Игиликова С., Сүйеркүл Б. Қазақ ономастика кеңістігіндегі араб тілінен енген антропонимдердің теоллингвистикалық ерекшеліктері // ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. – 2018. – №170 (2). – Б. 168–178.
12. Нуров М.Н. Бала өмірге келгенде істелетін әдептер. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.ihsan.kz/kk/articles/view/34> (қаралған күні 14.09.2024)
13. Günay Ü., Güngör H. Türk Din Tarihi. – İstanbul: Laçın, 1998. – 537 s.
14. Türkiye İstatistik Kurumu (TÜİK). [Elektronik kaynak]. URL: <https://www.tuik.gov.tr/> (inceleme tarihi 14.09.2024)
15. Нұртазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам (тарихи-мәдениеттанулық зерттеу). – Алматы: Өнер, 2002. – 208 б.
16. Нуртазина Н.Д. Ислам в истории Казахстана: новые подходы и итоги изучения проблемы за 30-летие Независимости (1991–2021) // Вестн. Каз. нац. ун-та. Сер. историч. – 2021. – №3(102). – С. 3–11.
17. Blainey G. A Short History of Christianity: Essentials of the Christian life. – SPCK, 2016. – 640 p.
18. Ахметжанова Г. А., Баймусаева Б. Ш., Ниятбайтеги К. А. Антропонимы как хранители культурной информации //Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2012. – №. 7-2. – С. 30–33.

REFERENCES

1. Godri B. Yöresel Beğeni ve Kültürel Etkileşimin Ses Eğitimi Üzerindeki Etkisi [The effect of regional regard and cultural interaction on voice training]: Yüksek Lisans Tezi. – İstanbul: İstanbul Üniversitesi, 2014. –134 s. [in Turkish]
2. Zhubanov Q. Qazaq tili zhonindegi zertteuler [Studies on the Kazakh language]. – Almaty: Gylym, 1999. – 409 b. [in Kazakh]
3. Nazarov R.R. Etnolingvistika: istoria i sovremennost [Ethnolinguistics: history and modernity] // Mezhdunarodnaia nauchno-prakticheskaya konferencia «Lingvistika, lingvodidaktika, lingvokulturologia: aktualnye voprosy i perspektivy issledovaniya». Moskva, 15 iyunia 2020 g. – M.: RGGU, 2020. – S. 28–30. [in Russian]
4. Mustafina R.M. Predstavleniia, kulty, obriady u kazahov [Representations, cults, rituals among the Kazakhs]. – Almaty: Qazaq universiteti, 1992. – 176 s. [in Russian]
5. Kerimbaeva A. Qazaq tilindegi sakraldy ataulardyn etnolingvistikalyq sipaty: filol. gyl. kand. ... avtoref. [Ethnolinguistic characteristics of sacred names in the Kazakh language: abstract]. – Almaty, 2007. – 25 b. [in Kazakh]
6. Dîvân-ı Hikmet, Hoca Ahmed Yesevî [Divan-i Hikmet, Hodja Ahmed Yesevi] / Editör: Mustafa Tatcı. – Ankara: Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, 2017. – 496 s. [in Turkish]
7. Abd al Salam Muhammad Badawi. al-Asma al-husna: Tajalliyat wa-adiyah [The Beautiful Names of God: Manifestations and Supplications]. – Cairo: Dar al-Ma'arif, 1990. [in Arabic]
8. Köprülü M.F. Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar [The First Sufis in Turkish Literature]. – Ankara: Diyanet İşleri Başkanlığı Yayınları, 1966. – 467 s. [in Turkish]
9. Kafesoğlu İ. Türk milli kültürü [Turkish national culture]. – İstanbul: Ötüken Neşriyat, 2019. – 447 s. [in Turkish]
10. Zhanuzaqov T. Qazaq esimderinin tarihy: Lingvistikalyq zhane tarihi-etnografiyalyq taldau [The history of Kazakh names: Linguistic and historical-ethnographic analysis]. – Almaty: Gylym, 1971. – 216 b. [in Kazakh]
11. Igilikova S., Suierqul B. Qazaq onomastika kenistigindegi arab tilinen engen antroponimderdin teolingvistikalyq erekshelekteri [Theolingvistic features of anthroponyms imported from Arabic in the

- Kazakh onomastics space] // QazUU Habarshysy, Filologia seriasy. – 2018. – №170 (2). – B. 168–178. [in Kazakh]
12. Nurov M.N. Bala omirge kelgende isteletin adepter. [Electronic resource]. URL: <https://www.ihsan.kz/kk/articles/view/34> (date of access 14.09.2024) [in Kazakh]
 13. Günay Ü., Güngör H. Türk Din Tarihi [Turkish Religious History]. – İstanbul: Laçın, 1998. – 537 s. [in Turkish]
 14. Türkiye İstatistik Kurumu (TÜİK) [Turkish Statistical Institute]. [Electronic resource]. URL: <https://www.tuik.gov.tr/> (date of access 14.09.2024) [in Turkish]
 15. Nurtazina N. Qazaq madenieti zhane islam (tarihi-madeniеттанulyq zertтеu) [Kazakh culture and Islam (historical and cultural research)]. – Almaty: Oner, 2002. – 208 b. [in Kazakh]
 16. Nurtazina N.D. Islam v istorii Kazahstana: novye podhody i itogi izuchenia problemy za 30-letie Nezavisimosti (1991–2021) [Islam in the history of Kazakhstan: new approaches and results of studying the problem over the 30th anniversary of independence (1991–2021)] // Vestn. Kaz. nac. un-ta. Ser. istorich. – 2021. – №3(102). – S. 3–11. [in Russian]
 17. Blainey G. A Short History of Christianity: Essentials of the Christian life. – SPCK, 2016. – 640 p.
 18. Ahmetzhanova G.A., Baimusaeva B.Sh., Nietbaitegi K.A. Antroponimy kak hraniteli kulturnoi informacii [Anthroponyms as keepers of cultural information] // Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. – 2012. – №. 7-2. – S. 30-33. [in Russian]